

«Аккредиттеу және
рейтингтің тәуелсіз агенттігі»
КЕМ директорының
15.12.2015. №40-15-ОД
бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

***Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз
агенттігінің Аккредиттік кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ***

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің Аккредиттік кеңесі туралы осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 маусымдағы Заңына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 27 маусымдағы «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық аккредиттік органдарын құру туралы» №304 бұйрығына, білім беру ұйымдарының институционалдық және/немесе арнайы аккредиттеудің стандарттарына сәйкес әзірленді.

2. Аккредиттік кеңес (бұдан әрі - АК) Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (бұдан әрі - АРТА) бастауыш, орта, техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беруді жүзеге асыратын білім беру мекемелері табыстаған материалдарды алқалық және жария түрде қарау үшін, институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы шешім қабылдау үшін құрылған консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

3. АК өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ АРТА-ның аккредиттеу стандарттарын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Аккредиттік кеңестің негізгі міндеттері

4. АК негізгі міндеттері болып табылады:

1) білім беру қызметтерін жүзеге асырып отырған білім беру мекемелері мен оқу бағдарламаларының көрсетіп отырған қызметтерінің сапасына АРТА-ның институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу стандарттары негізінде бағалау;

2) аккредиттелген білім беру мекемесінің аккредиттелген бағдарламалары және/немесе қызметтері бойынша білім берудің сапасын үздіксіз қамтамасыз ету;

3) білім беру мекемесін және/немесе олар беріп отырған оқу бағдарламаларын аккредиттеу немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

4) білім беру мекемелерін аккредиттеу мәселелері бойынша мәлімдемелерді, арыздар мен шағымдарды қарау;

5) жұртшылықты құлақтандыру үшін білім беру мекемелерін институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу нәтижелері бойынша материалдарды қарау;

б) Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) төрағасы мен мүшелерін тағайындау және бекіту.

3. Аккредиттік кеңестің құрылымы мен құрамы

5. АК құрамына мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, білім беру мекемелерінің, ғылыми-зерттеу мекемелерінің, білім беру саласындағы халықаралық сарапшылардың, жұмыс берушілер мен студенттер бірлестіктерінің өкілдері ене алады. АК мүшелігіне уәкілетті орган және/немесе жұмыс берушілердің, студенттердің бірлестіктері ұсынуы мүмкін.

6. АК құрамына төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы және мүшелері, білім беру саласындағы шет елдік сарапшы кіреді. Төраға және төрағаның орынбасары АК отырысында АК мүшелерінің арасынан қарапайым көпшілік дауыспен 3 жылда бір рет қайта сайланады. Хатшы АРТА қызметкері болып табылады. АК мүшелерінің саны кемінде 15 адам болады.

АК мүшелері отырыстарда себепсіз қатыспайтын болса (5 реттен артық қатыспаса), АРТА жазбаша түрде ескерте отырып, АК-ның осы мүшесін ауыстыруды өз құқығында қалдырады.

7. АК құрамына жаңа мүшені әр түрлі қауымдастықтардың, кәсіби бірлестіктердің, жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша енгізіледі.

8. АК мүшелері АК мүшесінің этикет кодексіне қол қояды және оны сақтау үшін жауапты болады. АК мүшесі оны дөрекі бұзған жағдайда АК құрамынан шығарылады.

9. АК құрамы және оған енгізілген кез-келген өзгерістер мен толықтырулар АРТА директорының бұйрығымен бекітіледі.

4. Аккредиттік кеңестің құқықтары

10. АК мына шешімдерді қабылдауға құқығы бар:

1) бастауыш, орта, техникалық және кәсіби, жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беруді жүзеге асыратын білім беру мекемелерін аккредиттеуге;

2) аккредиттік органның стандарттарына сәйкес білім беру мекемелерін институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеуден бас тартуға;

3) АРТА-ның институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы куәліктің күшін тоқтата тұруға және/немесе кері шақырып алуға;

4) АК мүшелерін және сарапшыларды институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу алу үшін білім беру мекемелері берген материалдарға сараптама жасау үшін жіберуге;

5) институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу алу үшін тапсырылған құжаттарға сараптама жасауға білім беру мекемелерін бағалау жөніндегі мамандар болып табылатын сарапшыларды, жұмыс берушілерді, тыңдаушылардың өкілдері мен шет елдік сарапшыны тартуға;

б) АК төрағасының ұсынуы бойынша Апелляциялар мен шағымдарды қарау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) төрағасын АК мүшелері арасынан тағайындауға.

5. Аккредиттік кеңестің қызметін ұйымдастыру

11. АК қызметін ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді АРТА жүзеге асырады.

12. АК қатысу ерікті түрде болып табылады.

13. АК мүшелері отырыстарға онлайн режимде қатыса алады.

14. Білім беру ұйымдарынан институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу үшін табысталған материалдарды қарау үшін АК қажеттілікке қарай жылына кемінде екі рет шақырылады.

15. АК отырысы АК жалпы санының 50% астамы қатысушы болған АК кезде өткізіледі.

16. Институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлікті беру, бас тарту немесе күшін тоқтата тұру мәселелерін жария түрде қарау үшін АК отырыстары бұқаралық ақпарат құралдарының, сондай-ақ аккредиттелетін білім беру мекемесінің өкілдерін шақыра отырып өткізілуі мүмкін.

17. АК білім беру мекемесін институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы, аккредиттеуден бас тарту туралы, куәліктің күшін тоқтата тұру, кері шақырып алу туралы шешімді ашық дауыс беру арқылы (қарапайым көпшілік дауыспен) қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда АК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

18. Білім беру ұйымы АК аккредиттеу туралы, аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді оны өткізген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде алады.

19. АҚ шешімі АРТА-ға білім беру мекемелерін аккредиттеу туралы сертификатты рәсімдеуге немесе институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлікті беруден бас тарту, күшін тоқтата тұру немесе кері шақырып алуды рәсімдеуді бекіту үшін директордың бекітуіне тапсырылады.

20. АҚ отырыстарын төраға, ал ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары өткізеді. АҚ төрағасын АҚ мүшелері сайлайды, одан кейін ол ғылыми консультант ретінде аккредиттік агенттікке штат санына кіргізіледі.

21. Хатшы АҚ отырыстарын ұйымдық және техникалық дайындығын қамтамасыз етеді, соның ішінде АҚ қарауына материалдарды уақытында тапсырылуына, хаттамалар мен шешімдерді дайындауға бақылау жасайды, АҚ мүшелеріне отырыстың өтетін орны мен уақыты туралы хабарлайды.

22. АҚ қабылдаған шешімдердің барлығын АРТА директоры бекітуі тиіс.

23. Өндірістік қажеттілік болған жағдайда АҚ мүшелерінің іссапар шығындарын АРТА төлеуі мүмкін.



Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі